

Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 91-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 31 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3530. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-1) және 5-1) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаменті (Ғ.Т.Жолдыбаева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.М.Досмағамбет) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. "Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қолданыстағы кезеңде табиғи монополия субъектілерінің барлық тұтынушыларға ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) төмендету ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2215 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2003 жылғы 17 мамырда N 20 нөмірмен жарияланған) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 ақпандағы N 46-НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның міндетін атқарушы

Келісілген

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

2005 жылғы 30 наурыз

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігінің төрағасы
міндетін атқарушының
2005 жылғы 19 наурыздағы
N 91-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету қағидалары

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету қағидалары "Табиғи монополиялар

туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгертіліп, нәтижесінде табиғи монополия субъектісі шығындарының құны ұлғайған немесе барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін төмендеткен жағдайда барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

2-тарау. Барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көтерілетін немесе төмендетілетін тарифінің (бағасының, алым ставкасының) немесе оның шекті деңгейінің мөлшері қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауға тиіс және табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъект) тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескеруге тиіс:

1) барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифін (бағасын, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін көтеру Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда жүзеге асырылады;

2) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифін (бағасын, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін төмендету мынадай жағдайларда:

көрсетіліп отырған реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері ұлғайған;

субъектінің нақты шығындары қысқарған;

табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субъектілер жүзеге асыратын қызметтердің өзге де түрлерінен едәуір табыстар алған;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

Инвестициялық бағдарламаның есебінен тарифтік сметаның шығынды бөлігі азайған жағдайда, табиғи монополия субъектісі тарифтің немесе оның шекті деңгейін төмендеткеннен кейін инвестициялық бағдарламаны түзете алады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету:

1) инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаны орындамауға;

2) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасын төмендетуге, сондай-ақ санын шектеуге;

3) тұтынушылардың құқықтарына нұқсан келтіруге негіз болмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Субъектінің ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету туралы шешімі субъектінің бірінші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

6. Субъект ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеруді енгізгенге дейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей немесе төмендетуді енгізгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифін (бағасын, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін көтеру немесе төмендету туралы қабылданған шешімді уәкілетті органға жолдайды.

Бұл ретте, Субъект ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифін (бағасын, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін көтеру туралы шешіммен бірге уәкілетті органға ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифін (бағасын, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін көтеру мүмкіндігін

растайтын есептемелер мен негіздейтін құжаттарды, ал тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін төмендету кезінде Субъект ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифін (бағасын, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін төмендету есептемесін жолдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету туралы шешім уәкілетті органмен келісілгеннен кейін қолданысқа енгізіледі және уәкілетті орган жалпы тәртіппен бекіткенге дейін белгілі бір мерзімге белгіленеді.

8. Барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету келісілген күнінен келесі айдың 1 күнінен бастап жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету туралы уәкілетті органды субъектпен хабардар етпеген немесе уақтылы хабардар етпеген жағдайда ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету туралы шешім келесі күнтізбелік тоқсанның екінші айының бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

10. Субъект тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру не төмендету туралы ақпаратты қолданысқа енгізілгенге дейін бес күнтізбелік күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.